

# ...Ал «ШЫҒЫС ШЫНАРЫ» дәстүрге айналды

## Бас жүлде биыл Бауыржан Жақыпқа бұйырды

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ақындардың шалқар шабыттан туған салқар жырлары бірінен-бірі асып түседі. Шырайлы Шығыстың мақтаныштары мен ғажайыптарын «кестенің бізіндей» өткір тілдерімен жүректерге жеткізе білді. Бәрекелді! Қалай тауып айтты, қандай тамаша теңеу, қандай сұлу сөз демеске лаж жоқ. Тыңдаушы қауым тебіреніспен тыңдап, төпелеп қол соқты.

Мүшәйра мәресіне жетіп, қазылар алқасы жүлделі орындарды жария етті. Дәстүр бойынша төменгі орындардан бастап танысты-

Жанат Әскербекқызы ие болды. 3-орынды ақын Жәркен Бөдеш, Жүрсін Ерман, Ұларбек Дәбей еншіледі. (Жүлдегер ақындардың өлеңдерін 6-беттен оқи аласыздар). Іріктелген ақындардың ешқайсысы да ескерусіз қалған жоқ. Ақын Әлия Дәулетбаева, Бақыт Беделхан, Кәдірбек Құныпиялар арнаулы сыйлыққа, Азамат Тасқара, Динара Маликова, Асан Қадыр Мырзабек, Қорғанбек Аманжол ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Дүбірлі жыр додасының көрермендері сұлу жырмен сусындап қана қоймай, Шығыстың әр үйінің төрінде тұрар құнды туындылар –

Республикасының Президент сайлауы бастамасын біздің көтергенімізді жақсы білесіздер. Осы кітапта елімізде демократиялық үрдістің іс жүзінде қалай орындалып жатқаны, оған біздің қосқан үлесіміз жөнінде тұщымды материалдар жарияланған, – деді. – Ал «Шығыс жұлдыздары» деп аталатын кітапта өңірімізден түлеп ұшқан, бүгінде есімі ел-жұртқа белгілі 581 өнер адамының, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің өмірбаяндары, жеткен жетістіктері қамтылған. Екі томнан тұратын кітапты Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын Ұлықбек Есдәулет құрастырыпты. Бұл кітап жайында облыс Әкімі:

– Біріншіден, бұл кісілердің еңбегін зер салып білуіміз керек, екіншіден, жастарға өнеге, тәрбие болсын, осы кітапты оқыған жастар жерлестеріміздің өнегелі өмірінен ғибрат алып, алға қарай талпынсын деген мақсатпен «Шығыс жұлдыздары» деген атпен шығарып отырмыз, – деді.

Үшінші кітап – өткен жылы бірінші рет өткен «Шығыс шынары» атты халықаралық мүшәйраға қатысқан, алпыстан астам ақынның өлеңдер жинағы.

– Өткен жылы осы мүшәйраға қатысқан барлық ақынның өлеңін жинақ етіп шығарамыз деп уәде берген болатынбыз, бұйырса биылғы мүшәйраға қатысқан жүз сегіз ақынның өлеңін де дәл осылай кітап етіп шығарамыз, – деді өңір басшысы.

Аталмыш кітаптар алыстан келген меймандар мен мүшәйраға қатысқан ақындарға тегін таратылды.

Жиын соңында облыс Әкімі қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевті Абай атындағы арнайы сыйлықпен марапаттады. Сондай-ақ, аймақ басшысы қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовті, бүкіл өмірін баспасөз қызметіне арнаған, Президент Әкімшілігінің баспасөз қызметінің бас сарапшысы қызметіне дейін көтерілген, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Юсуповты, мемлекеттік «Ақ жауын» камералық оркестрінің көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, күйші, сазгер Секен Тұрысбековті биылғы жылдың мерейтойы сыйлығы иегері ретінде марапаттап, иықтарына шапан жауып, бағалы сыйлықтар ұсынды.

**Бодаухан Тоқанұлы,  
Мұратхан Кенжехан**

**Бауыржан ЖАҚЫП, халықаралық жыры мүшәйрасының бас жүлдегері**

## Алтай



*Әр үйге өр Алтайдың құты келіп,  
Бәйгеде атымызды үкіледік.  
Шомылып Ерке Ертістің толқынына,  
Алтайдың өстік біздер сүтін еміп.*

*Кеудесін кербұғыдай көрген Алтай,  
Жау шалса, айбарымен жеңген Алтай,  
Батырдай дулығалы төнген Алтай.  
Ағу Алтын иышым – Алтын тауым  
Күлттегін, Тонкөкті көрген Алтай.*

*Беу, Алтай, бабалардан қалған Алтай,  
Қазаққа алтын бесік болған Алтай,  
Қиын кезде шығарып салған Алтай  
Азат күнде қарсылап алған Алтай.*

*Көрмеген әрбір жанға арман Алтай,  
Бікте бақ жұлдызы жаңған Алтай,  
Қорғасын, мыс мен мырыш, алтын-күміс  
Қойны-қоншы бай кенге толған Алтай.*

*Еліне бауырында өскен сенген Алтай,  
Тағдырдың салғанына көнген Алтай.  
Таусылмас қазына етіп, нәсіп етіп,  
Құдайым қазағыма берген Алтай.*

*Қар басын ақ сәлде бұлт шалған Алтай,  
Қузына Ақиығы қонған Алтай.  
Бейуақ мұзарт басын мұнар басып,  
Кейуақ қалың ойға шомған Алтай.*

*Жасанған сәукелелі сұлу Алтай,  
Төгесің жарық Алтай, жылу Алтай.  
Аузына асыл сөзді сен сыйладың  
Ешқашан таусылмайтын жырым Алтай.*

*Сенде бар тілім, ділім, салтым Алтай,  
Ұлтымның алтын тәжі – Алтын Алтай.  
Мәңгілік қазақ саған қорған болып,  
Қорған боп сен тұра бер халқыма, Алтай.*



Ақындарды марапаттау сәті

рылып, ретімен алға жылжыған сайын жиналған қауымның көкейінде «бас жүлде кімге бұйырар екен» деген сауал тұрғаны анық. Иә, бас жүлде иесі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, М.Мақатаев атындағы, Мемлекеттік «Дарын», «Жастар» сыйлықтарының лауреаты Бауыржан Жақыпты қошеметшілер сахна алдына ақбоз атпен әкелді. Бас жүлденің дипломы мен ақшалай сыйлығын облыс Әкімі өз қолымен тапсырды.

– Басты жетістік – бірнеше ақынның жүлде алғанында емес, қазақтың поэзиясына жас таланттарды тарту, соларға жол сілтеу. Міне, мүшәйраны осы тұрғыда бағалауымыз қажет. Руханият саласында мұндай маңызды бастама көтерген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВҚА алғыс білдіремін. Мүшәйраның бас жүлдесіне ие болғанымға қуаныштымын, – деді Бауыржан Жақып.

1-орынға алматылық ақын, «Жасқазақүні» газетінің редакторы Қазыбек Иса, 2-орынға алматылық Жарас Сәрсек пен астаналық

биыл жарық көрген үш кітаптың тұсауын кесу салтанатының да куәсі болды.

«Демократия салтанаты», «Шығыс жұлдыздары», «Шығыс шынарлары» деп аталатын үш кітаптың алғашқысы – аты айтып тұрғандай, Қазақстан Республикасының демократиялық ел екенін жан-жақты көрсеткен кітап. Яғни, өткен жылғы желтоқсан айында Шығыс Қазақстаннан бастау алған референдумнан бастап, көктемде өткен Елбасын сайлау аралығындағы жүз күнде атқарылған іс-шараларды қамтыған. Сондай-ақ, кітапқа Президентті ұлықтау рәсімі, ондағы Елбасының сөйлеген сөзі, шетелдік қоғам қайраткерлерінің лебіздері, құттықтаулар да енгізілген. Кітап Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы Е.Сыдықовтың жетекшілігімен шыққан.

Әр кітапқа арнайы тоқталып өткен облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ:

– Биыл көктемде өткен Қазақстан